



КАСПИЙ ЖАҒАЛАУЫ ТАЗАРТЫЛДЫ



Жалпыұлттық экологиялық акция

КАСПИЙ ТЕҢІЗІ ЖАҒАЛАУЫНДА ТАЗАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУ ӘЛІ ДЕ ЖАЛҒАСЫП ЖАТЫР. БҰЛ ІС-ШАРА «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАСТАМАСЫ АЯСЫНДА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛЫП, ӨНІРДІҢ ТАБИҒИ КЕЛБЕТІН САҚТАУҒА БАҒЫТТАЛҒАН. ҚАЗІРГІ ТАҢДА ЖАҒАЛАУ АУМАҒЫ БАЛДЫРЛАРДАН, ЛАЙ МЕН ТАС-ТАРДАН, СОНДАЙ-АҚ ТҰРМЫСТЫҚ ҚАТТЫ ҚАЛДЫҚТАРДАН ТАЗАРТЫЛДЫ. ТАЗАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫНА АРНАЙЫ ТЕХНИКА МЕН ЖҰМЫСШЫЛАР ЖҰМЫЛДЫРЫЛЫП, ЖАҒАЛАУДЫҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ САНИТАРЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН ЖАҚСARTУҒА ЕРЕКШЕ МӘН БЕРІЛДІ.

Аталған жұмыстар Ақтау қаласының 4 «А» шағынауданында жеке кәсіпкердің демеушілігімен жүзеге асты. Игі бастамаға қолдау білдірген кәсіпкер өңірдегі экологиялық мәдениетті арттыруға өз үлесін қосып отыр. Мамандардың айтуынша, бұл жұмыстардың негізгі мақсаты – демалыс аймақтарының тазалығын қамтамасыз етіп қана қоймай, жазғы маусым қарсаңында қала тұрғындары мен қонақтарына қолайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастыру. Тазартылған жағалау туристік тартымдылықты арттырып, қала келбетінің көркеюіне де оң әсер етеді.

Сонымен қатар мұндай экологиялық іс-шаралар тұрғындардың табиғатқа деген жауапкершілігін күшейтіп, қоршаған ортаны қорғау мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді. Жауапты мамандар алдағы уақытта да жағалау аймақтарында тазалық жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу жоспарланып отырғанын атап өтті. Тазалық – тек арнайы қызметтердің ғана емес, әрбір азаматтың ортақ міндеті. Сондықтан мамандар тұрғындарды қоршаған ортаны таза ұстауға және экологиялық бастамаларға белсенді қатысуға шақырады.

«Маңғыстау» ақпарат.



ҚОРШАҒАН ОРТАНЫҢ ҚОРҒАНЫ

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯСЫ ҚОҒАМДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРЫП, ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ҚАМҚОРЛЫҚТЫ ОЯТУҒА ҰҚПАЛ ЕТЕДІ. ЖУЫРДА МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ КОММУНИКАЦИЯ ОРТАЛЫҒЫНДА ӨНІРДЕГІ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БАРЫСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ. МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСТЫҚ ЭКОЛОГИЯ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ БАСШЫСЫ АРМАТ ЖҮСІПҚАЛИЕВ ОБЛЫС АУМАҒЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ТАЗАЛЫҚ, АБАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ КӨҒАЛДАНДЫРУ БОЙЫНША АУҚЫМДЫ ІС-ШАРАЛАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТПЕН БӨЛІСТІ.

✍ Ақырыс БИСЕНОВА

«Маңғыстау облысы бойынша 2023 жылы заңсыз төгілген ірі қоқыс үйінділерінің 115 нүктесі анықталса, 2025 жылы бұл көрсеткіш 65 нүктеге азайды. Биыл науқан аясында экологиялық құқықбұзушылықтарды тіркеу үшін бейнекамералар орнату, қалдықтарды сұрыптау және қайта өңдеу инфрақұрылымын дамыту, қала және ауылдық елді мекендерді көгалдандыру және күтім жасау, қоғамдық орындарға экокостар мен фандоматтар орнату, экологиялық



байқаулар өткізу жоспарланып отыр. Акция барысында халықпен кері байланыстың тиімді құралы ретінде «Таза Қазақстан» чат-ботына жергілікті мекеннің экологиялық мәселелері туралы 765 өтінім келіп түсті. Нақтылап айтар болсақ, биыл сәуір айына дейін 51 өтінім қабылданды», – деді Армат Жүсіпқалиев.

Ал Маңғыстау облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Әсел Балманова барлық өңірді қамтыған акция қоғамға экологиялық мәдениеттің жаңа талаптарын енгізу идеясынан бастау алғанын атап өтіп, табиғатқа жанашыр еріктілердің қатары толығып жатқанын айтты.

– Бүгінде әр ауданға қарасты ауылдарда еріктілер тобы құрылған. «Таза Қазақстан» – көше тазалаудан әлдеқайда ауқымды ұғым екенін түсінген жөн. Биыл «Таза Қазақстан» экологиялық акциясының жоспарына сәйкес көктемгі және күзгі сенбіліктер өткізу көзделген. Тазалық іс-шаралары қоғамдық орындардың тазалығын жақсартуына, табиғи аумақтардың экологиялық жағдайының оңалуына, жасыл желек қорының артуына, сондай-ақ халықтың экологиялық жауапкершілігінің күшеюіне оң ықпал етеді. Аталған іс-шаралар елді мекендердің санитарлық жағдайын жақсартуға, көгалдандыру көлемін арттыруға және экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған, – деді Әсел Балманова.

Сондай-ақ Ақтау қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің сектор меңгерушісі Ғазиз Сағынғалиев қалада атқарылған тазалық, абаттандыру және көгалдандыру жұмыстары жайлы баяндады.

– Экоакция аясында Ақтау қаласының бірқатар шағынауданында тазалық, абаттандыру және көгалдандыру жұмыстары жүргізілді. Мердігер мекеме келісімшарт аясында саябақтарды, аллеяларды және теңіз жағалауын тазалайды. Сондай-ақ шағынауданішілік жолдардағы шұңқырларды жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр, – деді Ғазиз Сағынғалиев.

ҰБТ-ға ДАЙЫНДЫҚ табыс көзі ме?

ҰЛТТЫҚ БІРЫҢҒАЙ ТЕСТІЛЕУ – ӘРБІР МЕКТЕП БІТІРУШІ ТҮЛЕКТІҢ ОН БІР ЖЫЛДЫҚ БІЛІМІН СЫНАЙТЫН МАҢЫЗДЫ ҚАДАМЫ. БҮГІНДЕ ЕЛІМІЗДІҢ БАРЛЫҚ ӨНІРІНДЕ СЫНАҚҚА ДАЙЫНДАЙТЫН АҚЫЛЫ ОҚУ ОРТАЛЫҚТАРЫНЫҢ САНЫ АРТУДА. ОНЛАЙН ПЛАТФОРМАЛАРДЫҢ САНЫ ОДАН ДА КӨП. ЖАҢБЫРДАН КЕЙІНГІ САҢЫРАУҚҰЛАҚ ТӘРІЗДІ ҚАПТАҒАН ДАЙЫНДЫҚ АЛАҒДАРЫ НӘТИЖЕ БЕРЕ МЕ? БҰЛ ОРТАЛЫҚТАР ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҰБТ-ДА ЖАҚСЫ КӨРСЕТКІШКЕ ЖЕТУІНЕ БАРЛЫҚ ЖАҒДАЙДЫ ЖАСАЙ МА ӘЛДЕ БҰЛ МАҢЫЗДЫ СЫНАҚ АЛДЫНДА ӘЛСІЗДІ ТҮЙРЕЙ КЕТЕТІН КӘСІПТІҢ КӨЗІНЕ АЙНАЛДЫ МА? ОСЫ МӘСЕЛЕ ТӨНІРЕГІНДЕ ҚОҒАМДЫҚ ПІКІРГЕ ҚҰЛАҚ АСЫП, ЖАУАПТЫЛАРМЕН ТІЛДЕСІП КӨРДІК.

✍ Әсел ҚАЗМАҒАМБЕТОВА

Биыл өңір бойынша 10 034 оқушы мектеп бітіреді. Олардың 8 609-ы ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысады. Бұл – оқушылардың өміріндегі маңызды кезең. Мектепте он бір жыл бойы меңгерген білімі осы сынақта сараланады әрі жоғары оқу орнына түсу-түспеуі де ҰБТ-ның нәтижесіне байланысты. Сол себепті жер-жерде



ҰБТ-ға дайындық орталықтары ашылып, онлайн курстарға сұраныс туындап отыр. «Мұнда тек баланың он бір жыл бойғы білімі қорытындыланбай ма? Онда оған шығын шығарып арнайы курстар мен орталықтардың көмегіне жүгінудің қажеті не?» деген сауал туындауы мүмкін. Бұл жөнінде көпшілік не дейді?

– Иә, «11 жыл алған білім жеткіліксіз бе?» деген сұрақ туындауы орынды. Мәселе мынада, кейбір мектептерде мұғалімдердің біліктілігі болуы, ақпаратты дұрыс жеткізе алмауы және әр өңірде әртүрлі кітап баспасымен оқу осы дайындық алаңдарына сұраныс туғызып отыр. Ал тестілеу кезінде сұрақтар барлық баспадан келеді.

(Жалғасы 3-бетте)